



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



**АСТАНА
2024**

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпірқосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ**

ӘОЖ 378.6

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ
ТӘЖІРИБЕСІ**

Асылбекова Марзия Пазиловна

marziya_asyzbekova@mail.ru

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Отарова Тогжан Нышанбековна

togzhan_otarova@inbox.ru

магистр, практикалық шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

Аннотация. Мақалада білім алушылардың трансверсалды дағдыларды дамытудың маңыздылығы сондай-ақ, жоғары оқу орындарындағы трансверсалды дағдылардың даму деңгейі қарастырылды. Трансверсалды дағдылардың компоненттері, әдістері талданды. ХХІ дағдыларының немесе «өмір сүру дағдыларының» трансверсалды дағдылармен байланысы көрсетілді, ЖОО-ның білім беру бағдарламаларында трансверсалды дағдылардың қандай жолмен, қандай пәндердің негізінде жүзеге асып жатқандығы талданды.

Annotation. In this article, the importance of developing transversal skills of students, as well as the level of development of transversal skills in higher educational institutions were considered. The components and methods of transversal skills aimed at the formation of learners as citizens in accordance with the educational system suitable for a developing society were analyzed. XXI skills or "life skills" have been shown to be related to transversal skills. In this work, we analyzed how transversal skills are implemented in the educational programs of several universities, based on which subjects.

Түйін сөздер: трансверсалды құзыреттілік, дағды, білім беру бағдарламасы, жоғарғы оқу орны, білім беру жүйесі, цифрлық қоғам.

Keywords: transversal competence, skill, educational program, higher education system, educational system, digital society.

ХХІ ғасыр – ақпараттар мен мүмкіндіктер кезеңі. Технологияның қарқынды дамуы және цифрлық құрылыстар дәуірі, еңбек нарығының өзгеруі, экологиялық және саяси өзгерістер білім мен дағдыларға деген көзқарастар мен құндылықтарда айтарлықтай өзгерістерді белең алдырды.

Осыған орай, білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – білім алу барысында алған дағдыларын қолдана алатын құзыретті маман даярлау болып отыр. Заманауи қоғамдағы университет түлектері үшін белгілі бір біліктілікке ие болып қана қоймай, сонымен қатар өзін-өзі одан әрі жетілдіру дағдыларына ие болу керек, бұл жас мамандарға еңбек нарығында үнемі бәсекеге қабілетті болып қалуға және өзі таңдаған кәсіби салада белсенді еңбек етуге мүмкіндік береді.

Трансверсалды дағдылар - көптеген елдердің білім беру жүйелерінің маңызды бөлшегі ретінде қарастырылуда. Азия-Тынық мұхиты зерттеу институттарының желісі осы аймақтардың он мемлекеті трансверсалды дағдыларды білім алушылардың бойына сіңіру үшін оқу бағдарламаларына енгізуде [1], яғни бұл тақырып жаһандық білім беру жүйесінде де негізгі, өзекті тақырыптардың бірі екені сөзсіз.

ҚР Мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі білім беру жүйесін кәсіби мамандармен қамтамасыз ету мәселесін шешу болып табылады. Кадрларды

даярлаудың негізгі бағыттарының ішінде мемлекет болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыру мен дамытуды бөліп көрсетеді.

Бүгінгі таңда мұғалімнің кәсіби стандарты мен педагог мәртебесінің талаптарын, сондай-ақ, «Білімді ұлт - сапалы білім беру» ұлттық жобасын ескере отырып, болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытатын механизм қажет. Осылайша, бүгінде қазақстандық қоғам Еңбек нарығының қажеттіліктеріне жедел ден қоятын білім беру жүйесінде жұмыс істейтін құзыретті мамандарды талап етеді.

2030 жылға дейінгі Тұрақты дамудың жаңа күн тәртібі білім беру жүйелерінен білім алушыларға тұрақты өмір салтын ұстануға, негізделген шешімдер қабылдауға және өз әрекеттері, эмпатия, сыни ойлау, медиа және ақпараттық сауаттылық, интроспекция және мәселелерді шешуге жауап беретін «трансверсалды дағдыларды» ескеруді талап етеді. Мысалы, аналитикалық ойлау студенттерге күрделі қатынастар мен жүйелерді тануға және түсінуге мүмкіндік береді, белсенді көзқарас оларға болашақтың дамуының көптеген нұсқаларын түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді, ал нормативтік құзыреттілік адамның іс-әрекетінің негізінде жатқан нормалар мен құндылықтарды көрсетуге мүмкіндік береді. Стратегиялық құзыреттілік, керісінше, студенттерге тұрақты сипаттағы инновациялық әрекеттерді бірлесіп әзірлеуге және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Трансверсалды дағдылар өзгерістерге сәтті бейімделу және толыққанды және өнімді өмір сүру үшін сұранысқа ие.

Трансверсалды дағдылар кез-келген салада өз маңыздылығын жоғалтпай, басқа салада да (белгілі бір дәрежеде) қайта пайдалануға жарамды деген мағынада жалпылама (generative) болып саналады [2]. Бұл дағдылар әр салада еркінен қолданылатындықтан да тәуелсіз дағдылар деп атасақ та болады. Сондықтан да, трансверсалды дағдылар болашақ мұғалімдер үшін басты құндылық болып саналады. Трансверсалды құзыреттілік, дағды терминінің мәнін ашатын болсақ, бұл студенттердің қарым-қатынас жасау, басқару, құрастыру және тани алу қабілеттері [3].

Трансверсалды дағды ұғымының мәні көбінесе анық емес болып келеді.

CEDEFOP анықтауынша, трансверсалды дағдылар - жеке тұлғалардың өз кәсібінде қызмет атқару барысында немесе басқа жұмыс түрлеріне сәйкес игерген дағдылары. Бұл дағдылар, бос уақытта атқарған іс-әрекет түрлеріне қатысты немесе білім алу үдерісінде де қалыптасуы мүмкін. Көп жағдайларда, трансверсалды дағдылар - кез-келген жұмыс пен кәсіпке сәйкес және басқа салаға да тез ауыса алатын дағдылар [4].

Трансверсалды дағдылар жұмсақ дағдылар (soft skills), ауыспалы дағдылар (transferable), пәнаралық дағдылар (interdisciplinary skills), ХХІ ғасыр дағдылары, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар [5] деген атаулармен де қолданылып жүр. Бұл дағдылар болашақ мамандарға епті болуға, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шеше алатын азамат болып қалыптасуға мүмкіндік береді.

Жас мамандар өз саласында жетістіктерге жетуді бойындағы жұмсақ дағдылармен байланыстырады. Бірақ, жұмсақ және қатты дағдылардың байланысы мақсатқа жетуді әлдеқайда жылдамдататыны сөзсіз. Жұмыс берушілердің барлық талаптарына бірдей сай келетін мамандарды дайындау кейде білім беру орындарына айтарлықтай қиындықтар туғызып жатады. Бұл еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің қарқынды әрі жылдам өзгеруімен байланысты. Дегенмен, трансверсалды дағдылар бұл олқылықтың орнын аз да болса толтыра алатыны анық. Себебі, трансверсалды дағдылар қоғам мен еңбек нарығына қажетті келесідей дағдыларды қамтиды: проблемаларды шешу, келіссөздер жүргізу, эмоцияларды басқару, эмпатия мен қарым-қатынас және т.б. Бұл дағдыларды маман бойына қалыптастыру үшін білім мен құндылықтармен қатар жұмыс істейді. Білім беру жүйесінде бұл үдерісті «сиқырлы желім» (magic glue) деп атайды [6], себебі дағдыларды байланыстырады, қосымша басқа да цифрлық дағдылар, ақпараттық сауаттылық сынды дағдыларды дамытады.

Сондай-ақ, трансверсалды дағдылар – ХХІ ғасыр дағдылары, жұмсақ дағдылар (soft skills) және ғаламдық дағдылар деп те қолданылуда. Олар сыни тұрғысынан ойлау,

көшбасшылық, ақпараттық-цифрлық құралдарды пайдалану, мәселелерді шешу және командада жұмыс істеу қабілеттерін құрайды. Бұл дағдылар «жеке тұлғаның дамуының негіздері» және кез-келген білім мен дағдыларды қалыптастырудың маңызды бөлігі болып табылады [7]. Мысалы, педагог-психологтер үшін, өз саласы бойынша білімі- кәсіби дағды, ал шет тілінде сөйлеу, ақпараттық-цифрлық сауаттылық және т.б. трансверсалды дағдылар. Екінші тұсынан, цифрлық дағдылар ақпараттық сала қызметкерлері үшін кәсіби дағды болса, керісінше педагогтер үшін маңызды трансверсалды дағды ретінде қарастырылады.

Suto пайымдауынша, бұл дағдылардың қолдану аясы кең екендігін назарға ала отырып, мысалы, білім беру саласының мамандары, саясаткерлер, оқытушылар, жұмыс берушілер, инженерлер, медицина қызметкерлері және т.б. осы кезеңге дейін «XXI ғасыр дағдыларына» арналған нақты, біртұтас анықтама болған емес және болуы мүмкін емес деп күтілуде [8].

Өркендеуші қоғамның басты сұраныстарының бірі болашақ мұғалімдердің бойында – коммуникативтілік және толеранттылықтың болуы деген тұжырымдар бар. Соңғы жылдары осы айтылып өткен құрылымдар трансверсалды құзыреттіліктің компоненттері ретінде қарастырылуда.

Трансверсалды дағдыға жоғарыда аталып кеткен дағдылармен қатар, аналитикалық дағдылар, әлеуметтік және азаматтық дағдылар, көшбасшылық пен кәсіпкерлік дағдылары және жаһандық азаматтық та кіреді.

Жоғарыдағы ұсынылған мәліметтерді қорытындылай отырып, трансверсалды дағдыны – дамушы қоғамдағы білім мен ғылымның көптеген салаларын қамтитын, болашақ мамандардың мақсатқа дұрыс және тиімді жолмен жету жолында қажет деп қарастырылатын дағдылардың жиынтығы деген ой түйіндеуге болады.

Педагогтің негізгі қызметі – білім алушыға тікелей әсер ету емес, олардың бірге өзара әрекеттесуі. Бірігіп жұмыс жасау барысында білім беру бағдарламаларының алар орны ерекше, осыған орай, келесідей ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына талдау жасалған болатын: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасына шолу жасалынды.

Білім беру бағдарламасына талдау жасауымыздың басты мақсаты болашақ мұғалімдер өз мамандықтары бойынша қандай дағдыларды дамытуда және бұл үдеріс қалай жүзеге асырылып жатқандығы болды.

Университеттердің білім беру бағдарламасы педагогтің кәсіби стандартының негізделген құжатнама аясында жасалынған. Осы стандартқа сай, педагогикалық кәсіптің құндылықтарын мыналар құрайды: білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу; басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіру; мәдени алуан түрлілігіне ашықтығы; икемділігі, бейімделу қабілеті, эмпатияға деген қабілеті; тұлға құндылықтарын, тіл мен коммуникацияны түсіну; өз бетімен білім алу, талдамалық және сыни ойлау дағдылары; коммуникативтік және тілдік дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, дауларды шешу [9] дағдылардың құрылымдары болып табылады, яғни педагогтің кәсіби стандартына сәйкес, педагог мамандардың бойынан табылуы тиіс басты дағдылар осылар болуы қажет деп тұжырымдаймыз.

Білім беру бағдарламасын саралау барысында, студенттердің бойына трансверсалды дағдыларды дамыту мақсатында бірнеше пәндердің оқытылатындығы анықталды.

Қазіргі кезеңде, коммуникациялық құралдар мен цифрлы технологияларды қолдану және сонымен мәдени тұрғыдан және кәсіби қарым-қатынас бағыттарындағы мәселелерді шешуде ауызша және жазбаша түрде қазақ, орыс және шет тілдерінде байланыс жасау сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында оқу үдерісіне келесідей пәндер енгізіген: «Шет (қазақ, орыс) тілдері», «Сөйлеу мәдениеті». Бұл пәндердің негізгі мақсаты – қарым-қатынас орнату үшін және мәселелерді шешу үшін ауызша және жазбаша түрде қазақ, орыс және шет тілдерінде байланыс жасау.

Әлемдік аналитиктердің тұжырымдарына сүйенсек, цифрлану - адамдардың әлеуметтік парадигмаларының өзгеруіне өз әсерін тигізеді, сондай-ақ, ой-өрістің дамуына, жаңа білім алуға деген көптеген мүмкіндіктерге жол ашады [10].

«Өнеркәсіп бойынша цифрлық технология», «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар», «Медиапедагогика», «Цифрлық сауаттылықты оқытудың теориялық негіздері», «Цифрлық сауаттылықты қалыптастыру», «Бастауыштағы цифрлық сауаттылықты оқыту әдістемесі» пәндері негізінде ақпараттарды іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және таратуда цифрлық технологияны, әртүрлі ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана білуді үйрету болып тұр.

Қазіргі кезде қоғамда «іскерлік мәдениет», «кәсіпкерлік» ұғымдарына деген қызығушылық күннен-күнге артып, өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Мұғалімдердің іскерлік мәдениетін қалыптастыру және дамыту – өте маңызды талаптардың бірі болып отыр. Өйткені, мұғалім – болашақ ұрпақтың дамуына бағыт беретін қоғамдағы маңызды тұлға.

«Мұғалімнің іскерлік мәдениеті» анықтамасындағы негізгі сөз «іскерлік» болып табылады, ол белсенділікті, шығармашылықты және үнемі дамуды ғана емес, өз бетінше мақсат қою және нәтижеге жету қабілеттілігін ғана емес, яғни кәсіби мұғалімнің мәдениетін де қамтиды [11]. Сонымен қатар, қазіргі дамушы қоғамда, жаңа, тұрақсыз экономикалық қатынастар әлемінде тұлғаны өзгерту және дамыту үшін білім беру процесінде мұғалім дәл жоғарыда суреттелгендей болуы қажет. Трансверсалды құзыреттіліктің жоғарыда аталып кеткен компоненттерін болашақ мамандардың бойына қалыптастырып, дамыту мақсатында «Кәсіпкерлік және бизнес», «Іскерлік мәдениет», «Бастауыш мектепте жобалау қызметін ұйымдастыру», «Кәсіпкерлік негіздері» пәндері енгізілген.

Willems & Bossu пайымдауларына, жаңа технологиялар әлеуметтік өзгерістерге алып келеді және олар сөз бостандығы, білім, демократиялық принциптер мен азаматтық ұстанымдар арқылы дамуға ықпал ете алады [12].

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардан азаматтық ұстаным мен жаһандық азаматтық сияқты трансверсалды дағдылардың білім беру саласында да орны ерекше екендігі аңғарылады. Демек, университеттердің білім беру бағдарламасындағы «Әлеуметтік және саяси білім модулі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет», «Философия» сынды пәндер студенттерге әлемдік көзқарасты қалыптастыруда философиялық білімді қолдана білу, сонымен бірге азаматтық ұстаным мен жаһандық азаматтықты қалыптастыруда тарихи дамудың негізгі этаптары мен заңдылықтарын талдай білу мүмкіндігін ұсынып отыр.

Трансверсалды дағдылар тек болашақтың аясында ғана емес, сондай-ақ, қазір және осы жерде деген ұстаныммен де белгілі. Әлеуметтің дамуына ілесе алатын өскелең ұрпақ үшін және қоғамның мүмкіндіктері мен қиындықтарын шеше алатын үлкен буын үшін де бұл құзыреттіліктер өз маңыздылығын жоғалтқан емес. Қазіргі таңда бүкіл әлем үшін қоршаған орта жағдай алаңдатарлық тақырып және де бұл біздің тақырыбымызға арқау болып отырған құзыреттіліктің де бір компоненті ретінде қарастырылған. Болашақ мамандардың экологиялық жағдайлардан хабардар болу мақсатында «Экология негіздері және тіршілік қауіпсіздігі» пәні оқытылатыны білім бағдарламасын талдау кезінде анықталды.

Алдыңғы он жылдықта, студенттерге арналған білім бағдарламалары тек базалық білімдерге бағытталған болатын, кейіннен басқа да дағдыларды дамытуға, соның ішінде еңбек нарығында өте жоғары деңгейде бағаланатын болғандықтан трансверсалды құзыреттілікке айрықша назар аударыла бастады. Олардың арасында тек білім алу барысында ғана дамымайтын этикалық дағдылар да бар. Сондықтан да, бұл да білім беру бағдарламасында полиэтникалық мәдениетті қалыптастыру үшін «Ұлттық тәрбие негіздері», «Этнопедагогика және этнопсихология», «Психологиялық-педагогикалық іс әрекеттегі кәсіби этика» пәндері арқылы қарастырылуда [13].

Кесте 1- Трансверсалды дағдыларды дамытуға бағытталған пәндер

Код	Атауы	Трансверсалды дағдылар
РЕРЕА 1212	Психологиялық және тәрбиелік қызметтегі кәсіби этика.	Танымдық, Креативті ойлау, сын тұрғысынан ойлау;
FNE 1211	Ұлттық тәрбие негіздері	Танымдық, креативтілік, икемділік;
EE1211	Этнопедагогика және этнопсихология	Креативті ойлау, сын тұрғысынан ойлау, танымдық
EB 1106	Кәсіпкерлік және бизнес	Креативті ойлау, сын тұрғысынан ойлау, танымдық, көшбасшылық, уақытты басқару
CAT 1111	Критериалды бағалау технологиясы	Методологиялық, креативті ойлау, сын тұрғысынан ойлау, танымдық
EI 2102	Эмоционалды интеллектіні дамыту	Креативті ойлау, сын тұрғысынан ойлау, инновациялық ойлау;
DTBBA 1108	Қолдану салалары бойынша сандық технологиялар	Цифрлық, медиа сауаттылық, танымдық
SC 1121	Сөйлеу мәдениеті	Танымдық, коммуникативті, коллобарация, лингвистикалық, ұйымдастырушылық;
CP2217	Креативті педагогика	Креативті ойлау, сын тұрғысынан ойлау, танымдық, тұлғааралық дағдылар;
MPG2217	Медиа педагогика	Ақпараттық, медиа сауаттылық
FELS 1110	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Танымдық, Топтық жұмыс, Ұйымдастырушылық қабілеттер
FL 1103 (1)	Шет тілі	Танымдық, коммуникативті, коллобарация
K(R)L 1104 (1)	Қазақ (орыс) тілі	Танымдық, коммуникативті, коллобарация, лингвистикалық
ICT 1105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Цифрлық, медиа сауаттылық, танымдық

Трансверсалды дағдылар ғылыми ортада – ресми нормативтік-құқықтық құжаттарда, сондай – ақ тәжірибеде-білімге негізделген педагогикалық қоғамдастықтың өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады.

Трансверсалды дағдыларды зерттеу барысында біз, болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық модельді әзірлеу қажеттілігін анықтадық.

Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделінің бірегейлігі-XXI ғасыр мұғалімін қалыптастыруда қолданудың әмбебаптығы болып табылады.

XXI ғасыр дағдыларына байланысты жұмыстарды қарастырып, талдау осы құзыреттіліктің сан қырлылығы мен көптеген компоненттерін анықтауға және Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы қалыптасу мен даму деңгейлерін айқындауға мүмкіндік берді. «Трансверсалды құзыреттілік» және «трансверсалды дағды» ұғымдарына қатысты теориялық негіздерді зерделеу оларды нақтылауға және жүйелеуге негіз болды.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде: жоғары оқу орындарының стратегияларында, білім беру бағдарламалары мен материалдарында трансверсалды құзыреттілікке, дағдыға айтарлықтай мән беретіндігі анықталды. Оқытушылар осы құзыреттілікті, дағдыны дамытуды негізге ала отырып, болашақ мамандарға кәсіби білім берумен қатар, оқу үдерісінде жаңа оқыту технологияларын қолдана отырып еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар құрамын дайындауға үлес қосып отырғандығы да анық.

Олай болса, дәстүрлі білім беру жүйесінің заманауи білім беру әдістеріне, цифрлық құралдардың көмегіне жүгінуі мамандарды қоғам талаптарына сай етіп дайындауы да сөзсіз.

Зерттеу барысында анықталғандай трансверсалды дағдылардың көптеген құрылымдарының әлі де толығымен оқу жүйесіне кіріктірілмесе, екінші жағынан, бұрыннан таныс, кей құрылымдардың өте жақсы даму үстінде екендігін де ескере кеткен жөн. Демек, білім беру жүйесі мен кәсіби мамандарды дайындауда шығармашылық пен инновациялық ойлауға, жұмсақ және қатты дағдылардың дамуына, сондай-ақ әлемдік еңбек нарығын бағындыра алатындай кәсіби мамандар дайындау бағытында құрылуы қажет.

Қорытындылай келе, трансверсалды дағдылардың болашақ мамандардың қызмет бабында, оқу үдерісіндегі маңыздылығын жоғарыда қарастырып кеттік, дегенмен бұл бір бағытта жүретін қарапайым үдеріс болып саналмайды. Бұл жан-жақты оқытушы мен студенттердің және де дәстүрлі, дәстүрлі емес оқыту түрлерінде де бірлесіп жұмыс атқару нәтижесінде қалыптасып, дамитын дағдылардың жиынтығы болып табылады. Осы тұста ең алдымен, педагогтардың болашақ мамандарды дайындауда кәсіби құзыреттіліктермен қатар, трансверсалды құзыреттіліктерді де қалыптастыруда алатын орны ерекше екендігі анық.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Дана Керимханова (2017). Дайджест исследований. Департамент исследований, Назарбаев Интеллектуальные школы. №7, сентябрь 2017; http://research.nis.edu.kz/?page_id=893
2. Fallows, S., & Steven, C. (2000). Building employability skills into the higher education curriculum: A university-wide initiative. Education and Training, 42, 75-83. doi:10.1108/00400910010331620
3. Oksana P, Galstyan-Sargsyan R, López-Jiménez PA, Pérez-Sánchez M. Transversal Competences in Engineering Degrees: Integrating Content and Foreign Language Teaching. Education Sciences. 2020; 10(11):296. <https://doi.org/10.3390/educsci10110296>
4. Cedefop (2008a). European Training Thesaurus. Luxembourg: Publications Office. Available from Internet: http://www.cedefop.europa.eu/EN/Files/3049_en.pdf
<http://www.elgpn.eu/elgpndb/view/251>
5. Viska (2017). Visible skills of adults. Briefing paper on Transversal Skills Deliverable D1.1. of the VISKA Project, p.3.
6. Global Framework on Transferable Skills, 2019, p.15
7. Whittemore (2018). White paper transversal competencies essential for future proofing the workforce, p.9
8. Research Report on Transversal Skills Frameworks ATS2020 - Assessment of Transversal Skills 2020, www.ats2020.eu, June 2016
9. Cristina Nicolaescu, Delia David, Pavel Farcas (2017). Studies in Business and Economics 12(3). DOI: 10.1515/sbe-2017-0041, p.128
10. Акпарова Ж.М. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: оқу құралы. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2009. - 171 б
11. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша Педагогтің кәсіби стандарты https://atameken.kz/uploads/content/files/ПС%20Педагог_каз.pdf
12. Willems, J., & Bossu, C. (2012). Equity considerations for open educational resources in the globalization of education. Distance Education, 33(2), 185–199. <http://dx.doi.org/10.1080/01587919.2012.692051>
13. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Білім беру бағдарламасы, 2019.